

Л.Б. Момунтаева^{1*} , Б.С. Жұмағұлов¹ , А.О. Ешмукамбетов² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

²№81 мектеп-гимназия

Алматы, 050046, Қазақстан Республикасы

e-mail: 69_lyazzat@mail.ru

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ҒАСЫРЫ»: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ САЯСИ СИПАТТАМАСЫ

Андатпа

Мақалада XVI ғасырда Еуразия құрлығында қуатты империяға айналып, өз территориясын әскери жорықтар мен дипломатиялық байланыстар барысында нығайтқан Осман империясының тарихи-саяси сипаттамасы ұсынылады. Империя XVI ғасырда Сүлеймен I билігі кезінде саяси-экономикалық, мәдени жағынан шарықтау шегіне дейін жетіп, «алтын ғасыр» кезеңіне айналды. Бұл билеушінің кезінде империя әлемдік өркениет тарихына ықпал еткен әрі құқықтық жүйесі қалыптасқан мемлекеттің бірі ретінде танылды. 1520-1566 жылдары Сүлеймен I тұсында империя тек әскери теңіз күшінің қуаттылығы жағынан ғана емес, құқықтық реформалары, мәдени-сәулет саласындағы жетістіктерімен танымал болды. Зерттеудің мақсаты-Сүлеймен I кезінде Осман империясының саяси, құқықтық және мәдени дамуын жан-жақты талдау, оның «алтын ғасырының» мәні мен мазмұнын анықтау, сондай-ақ тарихи-салыстырмалы және жүйелік тәсілдер негізінде Осман империясының әлемдік өркениеттің саяси тұрақтылығын, құқықтық жүйесі мен мәдени мұрасын қалыптастыруға қосқан үлесін анықтау. Мақаланың ғылыми мәнін ашуда тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау әдістері қолданылып, заманауи ғылыми әдебиеттер негізінде ғылыми тұжырымдар жасалады. Осы бағыттағы зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, Осман империясының «алтын ғасыр» ұғымының мәні ашылып, ғылыми-педагогикалық әдебиеттегі тарихи кезеңнің саяси тұрақтылығы мен мәдени серпіліске қосқан үлесі жан-жақты талданады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері қолданылып, алғашқы деректер мен заманауи ғылыми әдебиеттер негізінде ғылыми тұжырымдар жасалады. Мақала Осман империясының өркендеу кезеңіндегі саяси билік, мәдени өмір және әлеуметтік құрылым арасындағы өзара байланыстарды жан-жақты ашып көрсетуге бағытталған.

Негізгі сөздер: Осман империясы, тарих, алтын ғасыр, саяси, Сүлеймен I, теңіз флоты, мәдениет.

Кіріспе

Саяси және әскери мақсаттағы соғыс қимылдары көптеген мемлекеттердің территориялық жағынан өзгеруіне әсер етуші негізгі фактор саналады. XVI ғасырда әлемдік державаның бірі – Осман империясы гүлдену кезеңіне қадам басты. Империя бұл кезеңде саяси тұрақтылық, әскери қуаттылық, әлеуметтік және экономикалық даму жағынан Еуропадағы ірі күшке айналды.

Шығыс дәстүрінде жаңа ғасырдың басталуымен адамзат тарихына өзгеріс енгізуге қабілетті тұлға дүниеге келеді. Осман империясын «алтын ғасыр» кезеңіне жеткізген 10-шы сұлтан Сүлеймен I осындай тұлға болды.

Сүлеймен I – 1494 жылы 6 қарашада Трабзонда дүниеге келген. Ол (1520-1566) – Осман империясының билеушісі, тарихта мұсылман әлемінде «кануни», ал еуропалық тарихнамада «ғажайып Сүлеймен» деген атпен белгілі [1].

Сүлеймен I билігінің қуаты мен табысының негізі оның алдындағы сұлтандар – ең алдымен Баязид II мен Селим I тұсында қаланған. Баязид Осман билігін Батыс Еуропаға дейін кеңейтіп, болашақ жаулап алуларға жол ашқан мықты әрі сенімді тірек-аймақ құрды. Ал Селим I Мамлюктерді бағындырып, империяны едәуір күшейтті және ұлына христиан билеушілерімен күресті жалғастыру үшін сенімді тыл қалдырды. Ал Сүлеймен I тұсында империя Еуропа, Азия және Африка секілді үш құрлыққа иелік еткен алып күшке айналды, сауда жолдарына бақылау орнатты. Ол билігі тұсында 13 әскери жорық ұйымдастырды:

оның 10-ы Еуропа елдеріне, ал 3-і Азияға бағытталды. 1521 жылы Сүлеймен I батыс елдеріне өзінің алғашқы жорығын Венгрияға қарсы ұйымдастырып, Белград қаласын басып алды.

Сүлеймін I билігінің құдіреттілігі Француз каролі Франциск I мен Испания каролі Карл V арасындағы қақтығыста төрелік ететін дәрежеге көтерілді. Бұл кезеңде империя тек әскери жағынан ғана емес, өнер, сәулет, әдебиет және ғылым саласында ерекше қарқынмен дамып, ислам өркениетінің маңызды орталықтарының біріне айналды.

Ел астанасы – Константинополь (Стамбұл) империяның геосаяси, экономикалық және мәдени орталығы ретінде гүлденіп, ерекше маңызға ие болды. Аталған тарихи кезеңді жан-жақты зерттеу бүгінгі күнгі өркениетаралық диалог пен мәдени мұраны бағалауда маңызды болып табылады. Сонымен қатар, түркі әлемінің ортақ тарихын танып-білуге, оны ғылыми тұрғыда зерделеуге де өз септігін тигізеді. Тарихи деректер мен мәдени ескерткіштер Осман билігінің әмбебап үлгісін танытып, қазіргі кезеңдегі геосаяси процестерді саралауда маңызды методологиялық негіз бола алады. Осы тұрғыдан алғанда Осман империясының XVI ғасырдағы «алтын ғасыр» кезеңінің тарихи-мәдени ерекшеліктерін саралай отырып, бұл кезеңнің өркениет тарихындағы орны мен маңызын ғылыми тұрғыда негіздеу мақаланың мақсаты болып табылады.

Бүгінде Осман империясының «алтын ғасыр» кезеңін зерттеуде көптеген шектеулер орын алуда. Осы тұстағы басым көзқарас осман өркениетінің жеке ерекшеліктері ескерілмей, еуроцентристік көзқарастың орын алуы. Яғни, көптеген зерттеушілер Осман империясындағы Сүлеймен I тұсындағы дамуды тек әскери жаулаушылық жорықтармен байланыстырып, «басқыншы» көзқарасты ұсынады, ал мемлекеттік мәдени дамуы үстірт түрде зерттелген. Сондықтан осы дәуірді жан-жақты зерттеу, салыстырмалы талдау жүргізу түркі-ислам өркениетінің даму динамикасын, сондай-ақ қазіргі түркі мемлекеттері мен әлемдік саясаттағы тарихи сабақтастықты түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада ғылыми танымның эмперикалық және теориялық әдістері тиімді қолданылды. Әсіресе, салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы Осман империясының Селим I тұсындағы даму бағыты мен Сүлеймен I кезіндегі мемлекеттің әскери-саяси саясатына талдау жасалды. Бұл әдістің ұтымды жағы XVI ғасырдағы Осман империясының «алтын ғасыры» кезеңіне қатысты еуроцентристік және өркениеттік ерекшеліктердің айырмашылығына талдау жасауға болады. Бүгінде аталған кезеңге қатысты зерттеулердің бірқатарында әдіснамалық тұрғыдан шектеулердің бары байқалады. Біз ғылыми мақалада Осман империясына қатысты «артта қалған» деген тұжырымды салыстырмалы-тарихи әдісті қолдана отырып, қайта қарастырамыз.

XVI ғасырда Осман империясында ғылым мен білім өркендеді, сәулет өнерінде «Мимар Синан» сәулет мектебінің көркемдік стилі қалыптасты. Елдің рухани дамуы поэзия мен әдебиеттегі жетістіктермен байланысты еді. Осы тұрғыда Сүлеймен I тұсындағы әдебиеттің дамуына қатысты зерттеулер түркі ғалымдары тарапынан кеңінен зерттелген. Олардың қатарында Е.В. Гибб, Й. Бибина және В.Ф. Кепрюлю сынды зерттеушілер бар. Е. Гибб зерттеулерінде Сүлеймен I тұсындағы түркі әдебиеті мен поэзиясының дамуына жоғары баға беріп, классикалық түрік поэзиясының даму шыңына жеткенін сипаттайды [2].

Осман империясы кезеңіндегі түрік әдебиетінің тарихын зерттеуші әрі жүйелі түрде талдаған көрнекті ғалым, әдебиеттанушы М.Ф. Кепрюлюдің «Түрік әдебиетінің тарихы» монографиясы Сүлеймен I тұсындағы әдеби кезеңді қарастырады. Оның кезеңінде түрік әдеби тілінің стилінің негізінде поэтикалық мектептердің қалыптасып, сұлтанның өзі поэзияны қолдап, әдеби орта қалыптастырған билеуші ретінде танытылады [3].

Й. Бибина зерттеуінде түрік әдебиетінің «алтын ғасыры» Сүлеймен I тұсында қалыптасып, әдеби ортаның дамуын сипаттайды [4].

Сүлеймен I тұсындағы мемлекетті басқару жүйесі орталықтандырылып, құқықтық нормалар жоғары деңгейге жетті. Оның бір дәлелі Сүлеймен I патшаның мұсылман халықтары арасында «кануни» аталуы. Салыстырмалы түрде қарағанда Еуропа елдеріндегі «ренессанс» кезеңі орын алып, бытыраңқылы пен қақтығыстар орын алған тұста, мұсылмандық Осман империясында бір орталықтан басқарылатын, құқықтық жүйесі қалыптасқан империя құрылымы қалыптасты. Мақалада ғылыми бағыттағы зерттеулерге назар аударылып, Осман империясының «алтын ғасыр» кезеңіне қатысты түркі ғалымдары мен шет ел зерттеушілерінің еңбектеріне талдау жасалды.

Ағылшындық ориенталист А.Д. Алдерсон 1956 жылы жарық көрген еңбегінде Сүлеймен I тұсындағы Осман империясының билік жүйесі, әулеттік құрылымы мен құқықтық жүйесіне назар аударады [1].

А.И. Жилинаның зерттеу бағыты Сүлеймен I тұсындағы Осман империясының сыртқы саясатына арналды. Автор Осман империясының Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне өз үстемдігін жүргізіп, ең қуатты кезеңге айналған «алтын ғасырды» оның сыртқы саясатының бір бағыты ретінде көрсетеді. Сонымен қатар, Сүлеймен I тұсындағы сыртқы саясаттың бағыттары мен нәтижелерін ашуда Австриямен, Венгриямен, Иранмен және сол кездегі Еуропалық мемлекеттермен қарым-қатынасы қарастырылады [5].

Сүлеймен I билігі кезіндегі Осман империясының даму бағыты, билік жүйесі мен империяның күш-қуатының артуына қатысты М. Йылмаздың еңбегінде Осман империясы өзінің жоғары өрлеу шыңына Сүлеймен I тұсында жетті және Еуропаның батыс бөлігі, орталық, солтүстік Африка мен Азия аймақтарына жорық ұйымдастырып, үлкен дежаваға айналдырды деп жазады [6].

Түрік ғалымы М.В. Кичаның зерттеу еңбектері тікелей Сүлеймен I тұсындағы Осман империясына арналмаса да астана ретінде үлкен маңызға ие болған Стамбұл қаласының тарихи-мәтін сипаттайтын және Сүлеймен кезеңіндегі қаланың сәулет пен мәдени өмірінің дамуына деген маңызын атап өтеді [7].

Өркениеттік тәсіл арқылы империяның тек жаулаушылық бағыттағы саясатын ғана емес, оның құқықтық, мәдени, әдеби және сәулет өнеріндегі мәдени құндылықтар кешені қарастырылады. Бұл тәсіл арқылы Осман империясының тек «жаулаушы күш» ретінде ғана емес, өзіндік «өркениет модел» қалыптасқан қуатты мемлекет ретінде қарастыруға мүмкіндік алдық. Бұл өркениеттік модел құқықтық жүйесі қалыптасқан, басқару бір орталыққа негізделген, мәдени-сәулеті дамыған империя ретінде қарастыруға негіз бола алады.

Ғылыми танымның эмперикалық және теориялық әдістерін қолдану арқылы Сүлеймен I тұсындағы Осман өркениетінің жан-жақты дамыған, күрделі мемлекеттік құрылым болғанын дәлелдеуге болады.

Нәтижелер және оларды талқылау

XVI-XVIII ғасырдың басында Осман империясы мұсылман әлеміндегі ең күдіретті мемлекетке айналды. Мемлекеттің дамуы еуропалық мемлекеттердің тарихымен тікелей байланысты.

1453 жылы түркі-османдар Византияның астанасы Константинопольді басып алып, «империя» дәрежесіне көтерілді. Константинополь атауын «Стамбұлға» ауыстырып, оны империяның астанасына айналдырды. Жер аумағы кеңейіп, оған Греция, Қырым, кейіннен Египет, Алжир, Сирия мен Палестина қосылды.

1516 жылы Селим I тұсында империяның аумағы кеңейді, оған Сирия, кейіннен Левант, Солтүстік Африка аумағы қосылды.

1516-1517 жылдары Алжир, кейіннен Мысыр мен Мамлюк сұлтандығы жойылды. Империя территориясы Солтүстік Африкаға дейін кеңейді, Қызыл теңіз аумағы бақылауға

алынды. Әскери және теңіз жорықтарының нәтижесінде Еуропа елдері Осман мемлекетін теңіздегі және құрлықтағы өз мүдделеріне елеулі қарсылас ретінде қабылдай бастады.

1520 жылы Эдирне қаласында Родос аралы мен Үндістанға жорыққа әзірлену барысында қатерлі ісіктен қайтыс болады. Селим I билігі тұсында империя аумағын 70%-ға ұлғайтты. Селим I жүргізген геосаяси және әскери жорықтар империяны қуатты елге айналдырды. Ол қайтыс болған соң билікке ұлы Сүлеймен I келді. Селим I ұлын ел басқару ісі мен әскерге қолбасшылық жасауға жақсылап дайындап, ісін жалғастырушы ретінде қалдырды [8. – 233].

Америкалық тарихшы А. Михаил Селим I сұлтанның әлемдік тарихта алатын орнын ғылыми тұрғыда негіздей келе, оның билікке оңай жолмен келмегенін және 36 сұлтанның ішінде ең ықпалдысы болғанын көрсетеді [9. – 74]. Осылайша, XVI ғасырдағы Ұлы географиялық ашылулар мен реформация кезеңінде әлемдік геосаяси жағдайға өз ықпалын тигізіп, үстемдікке ие болған Селим I сұлтанның тұлғалық, дипломатиялық және жаһандық келбеті елін батыстық империализмге теңесетін державаға айналдырды.

Осман империясының билігі кезеңінде «алтын ғасыр» саналған Сүлеймен I тұсында ел ішкі тәртібі орныққан, күшті империяға айналды. Оның даңқы тек жаулап алу жорықтары барысында ғана емес, заң шығару қабілетімен де елге танымал болды. Халқы оған «қануншы», «заң шығарушы» деген мәртебе берді.

1520 жылы Осман империясының билеушісі Селим I қайтыс болған соң билікке оны ұлы келеді. Сүлеймен I өз заманының мықты ел билеушісі 1520 жылы 22 қыркүйекте сұлтан болып тағайындалды. Ал Ибрагим паша сұлтанның жеке бөлмелерінің сақтаушысы, 1523 жылы көптеген мемлекет қайраткерлері күтпеген жерден Ұлы уәзір қызметіне тағайындалды [10. – 324].

Сүлеймен I әскери жаулап алу жорықтарын жиі ұйымдастырып, жер аумағын кеңейтіп отырды. Венгрия карольдігін жаулап алды, Хорватия, Персия, Армения мен Месопотамияны империя құрамына қосты. Оның янычар әскері Рим империясының астанасы саналған Венаны да тізе бүктірді, бірақ қаланы толық басып ала алмады. Осылайша, империя аумағы Жерорта теңізі мен Қара теңізді біріктірген үш құрлыққа үстемдік етті. Империя құрамында бір-бірімен туыс емес араб, күрд, албан, грек, славян, венгр, румын, армян және грузин халықтары өмір сүрді.

Осман империясындағы «алтын ғасыр» 4 бағытта дамып, өзінің шарықтау шегіне жетті:

Әскери бағыт. Осман империясы Жерорта теңізі мен Қара теңізге ие мемлекет ретінде әскери теңіз флотын дамытып, ықпалды державаға айналды [11. – 85]. Әкесі Селим I сұлтанның қалған әскери күшті одан әрі дамытып, оның басқыншылық жорықтарын сәтті жалғастырды. Империя аумағы Селим I сұлтан тұсында 1. 494 млн км² болса, Сүлеймен I тұсында 8 млн км² болды.

1521 жылы Белград қаласын түріктер басып алып, Венгрияға қатыс соғысты бастады. Дунай бойында орналасқан ең мықты Шабач қамалын бағындырып, Белградты қоршады.

1522 жылы рыцарьлардың әскери базасы саналған Родос аралын жаулап алды. Рыцарьлардың қатты қарсылығына қарамастан адам шығынын елемей жеңіске жетті.

1526 жылы империя әскері Дунайдан өтіп, Мохач қаласы маңында венгр каролі Лайош II басқарған әскерді ойсырата жеңді. Бұл жеңістер Сүлеймен I сұлтанды Венгрияның орталық бөлігіне билік етуге мүмкіндік берді.

1527-1528 жылдары Босния, Герцеговина, Словения аймақтарын жаулап алып, трансильванияны өзінің вассалына айналдырды.

1529 жылы жазда 120 мың әскермен Венгрияның астанасы Буда қаласын, күзде Венаға жорық жасап, қоршауға алады.

1532 жылы Австрияға жаңа жорыққа әзірленіп, Кёсег бекінісіне дейін барды. Бұл жорық Австрия билігінің жыл сайын 30 мың дукат салық төлеп тұру келісімшартымен

аяқталды. Бұл тұста империя әскері 150 мыңнан астам болды. Сұлтандық гвардия құрамында артиллерия корпусы, зеңбірекші, арбашы, қару-жарақ шеберлері болды. Олардың саны – 15307-ге жетті. Капыкулу атты әскерінің саны – 5066, 7302 салт атты әскер болды. Янычар корпусы – империяның негізгі әскері саналды. Олардың саны 1567 жылдың өзінде 12 854-ге жетті. Олар соғыс кезінде сұлтанның оң және сол қанатында тұрды [12. – 96]. Десе де Сүлеймен I сұлтан тұсында империяның әскери жетістіктері тек әскер санының артуына байланысты болмады. Оның басты ерекшелігі – жаңа қару түрлерін, әсіресе атыс қаруының ішінде зеңбірек пен мылтықтарды белсенді қолдану болды. Зеңбіректен бастап қолмен атылатын қаруға дейін ауқымды арсенал құрған Сүлеймен I сұлтан бұл қаруларды соғыс пен қоршау кезінде тиімді қолдана білді. Соның нәтижесінде империя әскері Балқан түбегі, Жерорта теңізі, Кіші Азия мен солтүстік Африка аумағындағы қамалдар мен қалаларды жаулап алуда тиімді қолданды [13. – 63].

1534 жылы Осман империясының әскері Парсы аумағына еніп, Тебризді, кейіннен Бағдатты басып алды. Сүлеймен I сұлтан Тебризді 4 рет жаулап алды. Кейіннен Исфахан, Ереван мен Нахичеваны иеленді.

1551-1562 жылдары Австрияға қарсы бірнеше рет жорық жасады. Негізгі мақсаты – Габсбургтер империясын бағындыру еді. Бірақ, Сүлеймен I сұлтан соңғы жорығында да бұл мемлекетті бағындыра алмады.

Осман империясы аумағының кеңейтуде маңызды рөл атқарған тұлғаның бірі – Ұлы уәзір Перғалы Ибрахим паша болды. Ол тек мемлекеттік істерден бөлек сұлтанмен бірге әскер жорықтарға қатысты, оның кеңесшісіне айналды. Ибрахим паша бұл қызметке өзінің адалдығы мен қабілетінің арқасында жетті [10. – 323].

Сүлеймен I тұсында Осман империясының жаулап алып, бақылау орнатқан аймақтары:

Еуропада: Балқан түбегін толығымен өз иелігіне қосты; Хорватия мен Славонияның бір бөлігі; Қырым хандығы; Молдавия мен Валахия алым-салық төлеп тұрды, ал 1526 жылғы Мохач шайқасынан соң Венгрияның бір бөлігін жаулап алды.

Азия аймағында: Ирак, Анатолия, Сирия, Левант, Хиджаз, Йемен жағалауы, Арминияның шығысы мен Әзірбайжанның көп бөлігін жаулап алды.

Африкада: Мамлюктерді жаулап алу нәтижесінде Египет, Ливия, Тунис, Алжир, Суданның солтүстігі мен Қызыл теңіз жағалауы. Осылайша, XVI ғасырдың 60-жылдары Осман империясы жер аумағы 8 миллион м² территориясы бар Жерорта теңізі, Қызыл теңіз бен Парсы шығанағына өз бақылауын орнатып, Еуропа, Азия және Африка құрлығына билігін жүргізген мұсылман мемлекеті болды. Оның білігі тұсында халық саны – 25 млн-ға жетті [14. – 19].

Құқықтық реформалар бағыты. Сүлеймен I сұлтан мұсылман халықтары арасында «кануни» (заң шығарушы) атауына ие болуы оның мемлекетті құқықтық жағынан тұрақтылыққа алып келуімен байланысты еді [15]. Топкапы сарайы – тек ресми кеңестер өткізу алаңы емес, арнайы қабылдау өткізетін орын ретінде пайдаланылды.

Басқару ісінде негізгі мәселелер мемлекеттік кеңес – «диванда» талқыланды. Кеңесте сұлтан немесе ұлы уәзір төрағалық етті. Диванда қабылданған әрбір шешім басқа да бағыныштылар үшін міндетті болып саналды және олардың орындалуын Сүлеймен I сұлтан тұсында 21 визайеттер мен оларға бағынышты 250-ге жуық санджақты басқарған санджақбейлер қамтамасыз етті.

Сүлеймен I сұлтан тұсында қабылданған заңдар жинағы 3 бөліктен тұрды. Бірінші бөлімі – қылмыс және оларға қолданылатын жаза түрлері; екінші бөлім – қазына мен салық түрлеріне қатысты (баж салығы, мүлікті мұралау және т.б.); үшінші бөлім – мұсылман емес халықтардың (райя) құқықтық жағдайы мен міндеттері туралы.

Саяси қуаттылық бағыты. Мемлекет – әскери-феодалдық негізде құрылды. Мемлекет басшысы, шексіз билік иесі – сұлтан саналды. Сұлтаннан кейін билік – ұлы уәзірдің қолында болды. Ол барлық мемлекеттік істермен айналысты, сұлтанның кеңесшісі саналды.

Француз тарихшысы әрі Осман империясының тарихы мен мәдениетін зерттеуші Ф. Хитцельдің зерттеулерінде Сүлеймен I тұсындағы империяның саяси өмірі, билік құрылымы, армиясы мен заңдарына қатысты кең көлемде сипаттама береді. Әсіресе, еңбекте әлемге даңқы шыққан Сүлеймен I билігі кезіндегі заң шығару ісіндегі көреген саясаты мен оны қалпына келтіруші ретінде жоғары баға берген. Империя астанасы Стамбұл әлемдегі ең ірі мәдени орталықтың бірі саналды [16]. Мұнда саяси, экономикалық байланыстардың негізгі келіссөздері орын алды. Осман империясының халқының басым көпшілігі – егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысты. Шын мәнінде орталық билік өз тұрғындарын біріктіру жолында мықты мақсатты саясат жүргізді.

Мәдени өрлеу бағыты. XVI ғасыр Еуропада феодалдық қақтығыстарды бастан өткеріп жатқанда, Осман империясында түркі әдебиеті дамып, сұлтандардың қолдауына ие болды. Зерттеуші Э. Вартаньянның ғылыми мақаласында Осман империясындағы түркі әдебиетінің даму ел билеуші сұлтандардың қолдауымен байланыстырады. Бұл санаттағы сұлтандар қаратында Мұрад II, Баязид II, Селим I, Сүлеймен I және Селим II бар. Стамбұл қаласы империяның астанасына айналған тұста батыс пен шығыс өркениетінің тоғысқан орталығына айналды [17. – 88].

Сүлеймен I тұсында каллиграфия өнері даму деңгейіне жетті, қолжазба нағыз өнер туындысына айналды. Поэзия өнеріне қолдау білдіруші Сүлеймен I елде ақындардың әртүрлі мерекелерде өлеңдер жазып ғана қоймай, өнерде араб-парсы диалектісінен арылып, «стамбұл диалектісі» кеңінен қолданылды. Осы дәуірде түрік феодалдық әдебиетінің мақтанышына айналған бірқатар танымал тұлғалар қалыптасты [18. – 89].

Олардың қатарында ақындық қабілеті ерте байқалып, лирикалық өлеңдері сарай шенеуніктері мен Сүлеймен I қамқорлығын иеленген Хыяли болды. Оның шығармаларының негізгі сарыны сопылық бағытты қамтыды.

Хыялының замандасы ақын Иваз Зати мен «Бакы» атымен танымал Молла Махмұд та сарай ақындары ретінде лирикалық, махаббат және сұлтанды мадақтау бағытында ақындық қабілетімен танымал болды. Бакы Сүлеймен I-дің сүйікті ақыны ретінде оған мадақ өлеңдер жазды, кейіннен сұлтан қайтыс болғанда оның мұрагерлерін жырлады. Бакы поэзиясы араб-парсы ықпалынан арылып, түркі поэзиясын жаңа бейнелермен байытты. Сарай ақындары Сүлеймен I сұлтанның әскери жеңістері, сұлтандық тұлғасына өз шығармашылығын арнады.

Сүлеймен I де ақындық қабілетімен танылған. Оның «Диваны», «Муhibби» деген лақап атымен жазылған бірнеше өлеңдері бар [18. – 74].

Сүлеймен I тұсындағы түрік әдебиетінің дамуына британдық тарихшы Д. Гудвин өте жоғары баға береді. Оның 2003 жылы ағылшын тілінде жарық көрген еңбегі империядағы ғылым мен мәдениеттің дамуы, араб және парсы тіліндегі әдебиеттің дамуына талдау жасайды. Сонымен қатар, «... империя тарихында әлемге Сүлеймен кезіндегідей ықпал тигізген емес» [19. – 8],-деп өзіндік бағасын ұсынады.

Сүлеймен I сұлтан тұсында империя аумағында сәулет құрылысы мен абаттандыру ісіне үлкен мән берілді. Ірі қалаларда мыңдан құрылыс түрлері салынды: мешіттер, медреселер, аурухана, көпірлер, дерхахтар мен оқу орындары. Кануни дәуірі – түркі мәдениеті мен өнерінің гүлдену кезеңі болды. Атап айтқанда, Бахы, Киялы, Физули – поэзия саласында, Синан – сәулет өнерінде, Карахисари – каллиграфияда тұңғыш саналды және сол дәуірдің көрнекті өкілдеріне айналды. Ғылым саласында Ибн Кемал, Әбу Сууд Эфенди, Сейди Әли Рейс, Зенбили Әли Эфенди сынды ғалымдар елдегі түрлі саланың дамуына ықпал етті [15. – 9].

Сүлеймен I тұсында сәулет өнері ерекше даму деңгейіне жетті. Сұлтан, атакты адамдар немесе жағдай жақсы ауқаттылар өз есімін қалдыру үшін үлкен құрылыстар жүргізді. XVI ғасырда сәулет өнерінде Синан сәулетші үлкен құрметке бөленді. 1538 жылдан бастап империяның бас сәулетшісі әрі бас инженері аталған Синанның қолынан керемет сәулет құрылысының туындылары дүниеге келді. Оның атакты туындыларының ішінде Шехзаде мешіті, Сүлеймание мешіті, Селим мешіті әлемдік сәулет өнерінің жауһарлары саналды.

Қорытынды

Осман империясының ең қуатты және ықпалы жоғары деңгейге жетуі Сүлеймен I билігі тұсындағы саяси, әскери, әлеуметтік және экономикалық саясаттың дұрыс жүзеге асырылуы еді. Ол 1520-1566 жылдары Осман империясын ең қуатты әрі гүлденген шыңына жеткізді. Бұл кезеңде империя саяси, әскери жағынан ғана емес өнер мен мәдениет саласындағы осман өркениетінің жарқыраған дәуірі болып саналады. Осы мәдени өрлеуде монархтың жеке тұлғалық ықпалы – меценат, қамқоршы және тіпті тікелей шабыт беруші ретінде айқын байқалады. Оның ішкі және сыртқы саясаты, құқықтық реформалары, жаулап алу жорықтары империяның халықаралық аренадағы беделін арттырып, мемлекеттік басқарудың тұрақты моделін қалыптастырды.

Селим I сұлтан тұсында қалыптасқан әскери күш-қуатты Сүлеймен I сұлтан өз территориясын кеңейтуде одан әрі күшейтті. Еуропа елдеріне қарсы тұра алатын әскери күшінің арқасында алып империя құрды, оны басқарудың құқықтық негізін қалыптастырды. Мұсылман елдері арасында «ғажайып», ал Еуропада «кануни» атымен танымал болды. осы заңының арқасында мемлекетті басқару жүйесін жетілдірді, құқықтық реформалар жүзеге асырылды. Мемлекетте әдебиет, мәдениет, сәулет пен ғылым қарқынды түрде дамыды.

Қорыта келе, Сүлеймен I сұлтан тұсындағы Осман империясы тек әскери жетістіктері мен аумақтық үлкеюі ғана емес, мемлекеттік құрылымның кемелдену мен осман өркениетінің дамуы тұрғысынан тарихи маңызға ие болды. Осман империясының «алтын ғасыры» кезеңі қазіргі тарих ғылымы мен өркениеттану саласы үшін аса құнды зерттеу нысаны болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Alderson A.D. (1956) *The Structure of the Ottoman Dynasty*. – Oxford: Clarendon Press. 252p.
- 2 Гибб Е.В. *История Османской поэзии*. – Т. 4. – Лондон: Luzac & Co, 1900-1908. – Т. 1. – 492 с.
- 3 Кёпрюлю В.Ф. *История турецкой литературы*. – Стамбул: Kitapyur-du, 1933. – 446 с.
- 4 Бибина Й. *История турецкой литературы. От зарождения до Танзимата*. – София: Академическое изд-во им. Марина Дринова, 2000. – 256 с.
- 5 Жилина А.И. Внешняя политика османского султаната в правление падишаха Сулеймана I Кануни // *Вестник Таганрогского государственного педагогического института*. – № 1. – 2016. – С. 251-258.
- 6 Йылмаз М. *Турция. Полная история страны*. – М.: АСТ, 2021. – 288 с.
- 7 Кича М.В. *Стамбул: перекресток эпох, религий и культур*. – М.: Эксмо, 2022. – 432 с.
- 8 *Османского государства и общества / под ред. Э. Ихсаноглу*. – М.: Восточная литература, 2006. – С. 107-2016.
- 9 Михаил А. *Тень Бога. Султан Селим. Владыка османов и творец современности = God's Shadow*. – М.: Бомбора, 2025. – 560 с.
- 10 Абидулин А.М., Козуб Е.А. Визирь, имевший власть султана: Паргалы Ибрагим-паша // *Вестник Марийского государственного университета. Серия «Исторические науки. Юридические науки»*. – №4. – 2020. – С. 321-331.
- 11 Крачковский И.Ю. *Морская география в XV–XVI вв. у Арабов и Турок*. – М.: Академия Наук СССР, 1954. – 354 с.
- 12 Петросян И.Е. *Янычары в Османской империи. Государство и войны (XV – начало XVII в.)*. – М.: Наука, 2019. – 604 с.

- 13 Ипширли М. Организация Османской империи. История Османского государства, общества и цивилизации: монография. – Т. 1. – М.: Восточная литература, 2006 – 367 с.
- 14 Панченко К.А. Османская модель империи: некоторые размышления // Исторический вестник. – Т. 29. – 2019. – С. 18-37.
- 15 Ягджы Д. Великолепный султан Великолепного века: героизм султана Сулеймана Кануни в касыдах Османской эпохи / перевод с турецкого С.В. Дингилиши // Уральское востоковедение: международный альманах. – Екатеринбург: изд-во Урал. ун-та, 2013. – Вып. 5. – С. 98-103.
- 16 Хитцель Ф. Османская империя / Ф. Хитцель. – М.: Вече, 2006. – 384 с.
- 17 Вартамян Э.Г. Начало расцвета и золотой век художественной литературы Турции: к истории вопроса о культуре стран мусульманского Востока // Исламоведение. – №1. – 2020. – С. 82-94.
- 18 Исламская тематика в творчестве турецких поэтов Средневековья: хрестоматия. – Казань: Изд-во Казанского университета, 2014. – 119 с.
- 19 Goodwin J. (2003) Lords of the Horizons. A History of the Ottoman Empire. New York: St. Martin's Press. 368 p.

«ЗОЛОТОЙ ВЕК» ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНАЯ И ПОЛИТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА

Аннотация

В статье представлена историко-политическая характеристика Османской империи, которая в XVI веке превратилась в мощную державу на территории Евразии, укрепив свои границы посредством военных походов и дипломатических связей. В период правления Сулеймана I империя достигла наивысшего расцвета в политическом, экономическом и культурном отношении, что ознаменовало начало её «золотого века». При этом правителе Османская империя стала одним из государств, оказавших значительное влияние на историю мировой цивилизации и сформировавших собственную правовую систему. В 1520–1566 годах, во время правления Сулеймана I, империя прославилась не только своей мощной военно-морской силой, но и правовыми реформами, достижениями в области культуры и архитектуры. Цель исследования заключается в комплексном анализе политического, правового и культурного развития Османской империи в период правления Сулеймана I, выявлении сущности и содержания её «золотого века», а также в определении вклада Османской империи в формирование политической стабильности, правовой системы и культурного наследия мировой цивилизации на основе историко-сравнительного и системного подходов. Для раскрытия научной значимости статьи используются историко-сравнительный и системный методы анализа, а также современные научные источники. Основываясь на трудах исследователей данного направления, подробно раскрывается содержание понятия «золотой век» Османской империи, а также её вклад в политическую стабильность и культурный подъём эпохи. В ходе исследования сделаны научные выводы на основе первичных источников и актуальной научной литературы. Статья направлена на всестороннее раскрытие взаимосвязей между политической властью, культурной жизнью и социальной структурой Османской империи в период её расцвета.

Ключевые слова: Османская империя, история, золотой век, политика, Сулейман I, военно-морской флот, культура.

THE «GOLDEN AGE» OF THE OTTOMAN EMPIRE: HISTORICAL-CULTURAL, AND POLITICAL CHARACTERISTICS

Abstract

This article presents a historical and political analysis of the Ottoman Empire, which in the 16th century emerged as a powerful state across Eurasia, strengthening its territory through military campaigns and diplomatic relations. Under the rule of Suleiman I (1520-1566), the empire reached its peak in political, economic, and cultural development, marking the so-called «Golden Age». During this time, the Ottoman Empire was recognized as a state that influenced world civilization and had an established legal system. Suleiman's reign is notable not only for naval power but also for legal reforms and achievements in culture and architecture. The purpose of the study is to comprehensively analyze the political, legal and cultural development of the Ottoman Empire during the reign of Suleiman I, to identify the essence and content of its "golden age", as well as to determine the contribution of the Ottoman Empire to the formation of political stability, the legal system and cultural heritage of world civilization based on historical, comparative and systematic approaches. To reveal the academic significance of the topic, historical-comparative and systematic analysis methods were employed, supported by modern scholarly literature. Drawing upon the works of prominent researchers, the article explores the meaning of the «Golden Age» concept in relation to the Ottoman Empire and It highlights its contributions to political stability and cultural flourishing.

Keywords: Ottoman Empire, history, golden age, politics, Suleiman I, navy, culture.

REFERENCES

- 1 Alderson A.D. (1956) *The Structure of the Ottoman Dynasty*. Oxford: Clarendon Press. 252 p. [in English]
- 2 Gibb E.V. *Istoriya Osmanskoi poezii [The History of Ottoman poetry]*. London: Luzac & Co, 1900-1908. 492 s. [in Russian]
- 3 Kyopryulyu V.F. *Istoriya tureckoi literatury [The History of Turkish literature]*. Stambul: Kitapyur-du, 1933. 446 s. [in Russian]
- 4 Bibina J. *Istoriya tureckoo literatury. Ot zarozhdeniya do Tanzimata [The history of Turkish literature. From the origin to the Tanzimata]*. Sofiya: Akademicheskoe izd-vo im. Marina Drinova, 2000. 256 s. [in Russian]
- 5 Zhilina A.I. *Vneshnyaya politika osmanskogo sultanata v pravlenie padishaha Suleimana I Kanuni [The foreign policy of the Ottoman Sultanate during the reign of Padishah Suleiman I Kanuni]* // *Vestnik Taganrogskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta*. № 1. 2016. S. 251-258. [in Russian]
- 6 Jylmaz M. *Turciya. Polnaya istoriya strany [The complete history of the country]*. M.: AST, 2021. 288 s. [in Russian]
- 7 Kicha M.V. *Stambul: perekrestok epoch, religii i kul'tur [Istanbul: the crossroads of epochs, religions and cultures]*. M.: Eksmo, 2022. 432 s. [in Russian]
- 8 *Osmanskogo gosudarstva i obshchestva [The Ottoman State and society]* / pod red. E. Ihsanoglu. M.: Vostochnaya literatura, 2006. S. 107-2016. [in Russian]
- 9 Mihail A. *Ten' Boga. Sultan Selim. Vladyka osmanov i tvorec sovremennosti [The Shadow of God. Sultan Selim. The Lord of the Ottomans and the creator of modernity]*. M.: Bombora, 2025. 560 s. [in Russian]
- 10 Abidulin A.M., Kozub E.A. *Vizir', imevshii vlast' sultana: Pargaly Ibragim-pasha [Vizier, who had the power of Sultan: Pargaly Ibrahim Pasha]* // *Vestnik Marijskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoricheskie nauki. Yuridicheskie nauki»*. №4. 2020. T. 6. S. 321-331. [in Russian]
- 11 Krachkovskii I.Yu. *Morskaya geografiya v XV–XVI vv. u Arabov i Turok [Marine geography in the XV–XVI centuries among the Arabs and Turks]*. M.: Akademiya Nauk SSSR, 1954. 354 s. [in Russian]
- 12 Petrosyan I.E. *Yanychary v Osmanskoj imperii. Gosudarstvo i voiny (XV – nachalo XVII v.) [Janissaries in the Ottoman Empire. The State and Wars (XV – early XVII century)]*. M.: Nauka, 2019. 604 s. [in Russian]
- 13 Ipshirli M. *Organizaciya Osmanskoi imperii. Istoriya Osmanskogo gosudarstva, obshchestva i civilizacii [The Organization of the Ottoman Empire. The history of the Ottoman state, society and civilization]*. T. 1. M.: Vostochnaya literatura, 2006. 367 s. [in Russian]
- 14 Panchenko K.A. *Osmanskaya model' imperii: nekotorye razmyshleniya [The Ottoman Empire model: some reflections]* // *Istoricheskii vestnik*. T. 29. 2019. S. 18-37. [in Russian]
- 15 Yagdzhy D. *Velikolepnyi sultan Velikolepnogo veka: geroizm sultana Suleimana Kanuni v kasydah Osmanskoi epohi [The Magnificent Sultan of the Magnificent Century: the heroism of Sultan Suleiman Kanuni in the kasyds of the Ottoman era]* // *Ural'skoe vostokovedenie: mezhdunarodnyi al'manah*. – Ekaterinburg: izd-vo Ural. un-ta, 2013. Vyp. 5. S. 98-103. [in Russian]
- 16 Hitcel' F. *Osmanskaya imperiya [The Ottoman Empire]* / F. Hitcel'. M.: Veche, 2006. 384 s. [in Russian]
- 17 Vartan'yan E.G. *Nachalo rascveta i zolotoi vek hudozhestvennoi literatury Turcii: k istorii voprosa o kul'ture stran musul'manskogo Vostoka [The beginning of the heyday and the golden age of Turkish fiction: towards the history of the culture of the countries of the Muslim East]* // *Islamovedenie*. №1. 2020. T. 11. S. 82-94. [in Russian]
- 18 *Islamskaya tematika v tvorchestve tureckih poetov Srednevekov'ya: hrestomatiya [Islamic themes in the works of Turkish poets of the Middle Ages: a textbook]*. Kazan: Izd-vo Kazanskogo universiteta, 2014. 119 s. [in Russian]
- 19 Goodwin J. *Lords of the Horizons. A History of the Ottoman Empire*. New York: St. Martin's Press, 2003. 368 p. [in English]

Information about authors:

Lazzat Momuntayeva – **corresponding author**, PhD doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: 69_lyazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5147-2353>

Bolat Zhumagulov – candidate of historical sciences, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Altai Eshmukambetov – history teacher, teacher-master, Almaty, Republic of Kazakhstan

e-mail: Oralhanuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6663-069X>

Информация об авторах:

Лаззат Момунтаева – **основной автор**, PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: 69_lyazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5147-2353>

Болат Жумагулов – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кандидат исторических наук, профессор, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Алтай Ешмукамбетов – учитель истории школы-гимназии №81, педагог-мастер, г. Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: Oralhanuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6663-069X>

Авторлар туралы ақпарат:

Лаззат Момунтаева – **негізгі автор**, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: 69_lyazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-5147-2353>

Болат Жұмағұлов – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Алтай Ешмукамбетов – №81 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Oralhanuly@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6663-069X>